

Басым ауыл шаруашылығы дақылдарының тізбесін және басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы жанар-жағармай материалдары мен көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауылшаруашылық дақылдарын қорғалған топырақта өндеп өсіру шығындарының құнын арзандатуға арналған субсидиялар нормаларын (1 гектарға) белгілеу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2015 жылғы 26 мамырдағы № 176 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Эдiлет департаментінде 2015 жылғы 1 маусымда N 3262 болып тіркелді. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2015 жылғы 13 шілдедегі N 249 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 13.07.2015 N 249 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауылшаруашылық дақылдарын қорғалған топырақта өндеп өсіру шығындарын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 29 мамырдағы № 575 қаулысымен бекітілген Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауылшаруашылық дақылдарын қорғалған топырақта өндеп өсіру шығындарын субсидиялау қағидаларының 8-тармағына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі

ҚАУЛЫ ЕТЕД:

1. Белгіленсін:
 - 1-қосымшаға сәйкес басым ауыл шаруашылығы дақылдарының тізбесі;
 - 2-қосымшаға сәйкес басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы жанар-жағармай материалдары мен көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауылшаруашылық дақылдарын қорғалған топырақта өндеп өсіру шығындарының құнын арзандатуға арналған субсидиялар нормалары (1 гектарға).

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысының
әкімі*

*"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі
2015 жылғы 22 мамыр*

E. Сұлтанов

A. Мамытбеков

Облыс әкімдігінің 2015 жылғы 26
мамырдағы № 176 қаулысына 1-қосымша

Басым ауыл шаруашылығы дақылдарының тізбесі

Басым ауыл шаруашылығы дақылдарының атауы

Жаздық бидай

Құздік бидай

Құздік қарабидай

Арпа

Сұлды

Қарақұмық

Тары

Дәнді-бұршакты дақылдар

Майлы дақылдар

Картоп

Ашық топырактағы көкөніс және бақша дақылдары

Жабық топырактағы көкөністер

Жемшептік дақылдар:

бірінші, екінші және үшінші жылғы көп жылдық бұршақ шөптер

бірінші жылы егілген басқа да көп жылдық шөптер

сүрлемдік жүгері және күнбағыс

бір жылдық шөптер, дәнді және дәнді-бұршакты дақылдардың қоспасы:

сұлды мен бұршақ; бұршақ, сұлды және арпа *

судан шөбі; тары; итқонак; сұлды және сиыржоңышқа **

сұлды, арпа, бұршақ және бидай; сұлды мен бұршақ; тары мен бұршақ ***

бұршақ пен сұлды; сұлды, арпа және бұршақ; судан шөбі мен бұршақ; тары мен бұршақ; бұршақ, сұлды және арпа; рапс пен сұлды ****

* азыққа

** пішенге

*** пішінде меге

**** жасыл конвейерге

Облыс әкімдігінің 2015 жылғы 26
мамырдағы № 176 қаулысына 2-қосымша

Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы жанар-жағармай материалдары мен көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауылшаруашылық дақылдарын қорғалған топырақта өндеп өсіру шығындарының құнын арзандатуға арналған субсидиялар нормалары (1 гектарға)

Рет №	Басым ауыл атауы	ауыл шаруашылығы	дақылдарының	1 гектарға субсидиялар	арналған нормативі, теңге
1	Жаздық, қатты сұрыпты және күздік бидай, күздік қарабидай (субсидиялардың базалық нормасы)			400	
2	Арпа, сұлды			2500	
3	Қарақұмық, тары, дәнді-бұршақты дақылдар			2500	
4	Майлы дақылдар:				
	рапс, құнбағыс			5200	
	зығыр			400	
	арыш, қытайбұршақ, қыша			4400	
5	Картоп			25000	
6	Өнеркәсіптік үлгідегі тамшылатып суару жүйесі қолданылып өсірілетін картоп			85000	
7	Ашық топырактағы көкөністер мен бақша дақылдары			21000	
8	Өнеркәсіптік үлгідегі тамшылатып суару жүйесі қолданылып өсірілетін көкөністер және бақша дақылдары			75000	
9	Өнеркәсіптік үлгідегі жылышайлардағы қорғалған топырақ көкөністері (2 дақыл алмасуы)			3 860 000	
10	Корғалған топырақ көкөністері фермерлік жылышайлардағы (2 дақыл алмасуы)			150 000	
11	Жемшөптік дақылдар:				
	бірінші, екінші және үшінші жылғы көп жылдық бұршақ шөптер			15000	
	бірінші жылы егілген басқа да көп жылдық шөптер			15000	
	сүрлемдік жүгері мен құнбағыс			15000	
12	Бір жылдық шөптер			15000	